

Педагогикалық кеңес

№1 хаттама

31.08.2022ж.

Қатысқандар саны-11

Тақырыбы: «Балаларды 5 дағды бойынша тәрбиелеу -педагогтардың басты міндеті».

Күн тәртібінде

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу-қызметінің кестесін, күн тәртібін бекіту туралы. Меңгеруші Жаштаева А.

Оқу-ағарту министрлігінің

2. №348- бұйрығы бойынша МДҰдағы білім беру стандарты туралы.

Әдіскер Еспенбетова М.

3. «Робототехника» технологиясы . Баяндама туралы.

Баяндама –тәрбиеші Еспенбетова М

4. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптарын бекіту туралы.

Әдіскер Еспенбетова М.

5. Психологиялық тренинг туралы.

«Мен-ғажапшын!»

Психолог А. Бердібаева

6. Ішкі еңбек тәртібі туралы .

Меңгеруші А. Жаштаева.

1. Тғыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі .Ол өз сөзінде: -Сіздерді 2022-2023 жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Жаңа оқу жылында зор денсаулық,шығармашылық табыстар тілеймін . Меңгеруші биылғы оқу жылында 5 дағды бойынша жұмыс жасаймыз. ҰОҚ болмайды .Тек дене шынықтыру және музыка пәндері бойынша сабақ кестесі түзіліп,ҰОҚ өтеміз. Ал ересек тобында сонымен қатар қазақ тілі ұйымдастырылған оқу қызметі өтіледі , -деді. Күн тәртібі Сан ПИН талаптарына сәйкес түзілді. Бүгінгі пед.кеңесте осы аталған құжаттарды және балабақшаның жылдық жоспарын бекітемін , -деді меңгеруші.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мәлдір Үсенқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 –бұйрығы бойынша мектепке дейінгі білім беру стандарты туралы педагогтарға түсіндіріп өтті. Бұл стандарт «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабының 5-тармағы, 56-бабына сәйкес әзірленген.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) осы стандартқа;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін

қалыптастыру, дене сапалағын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

#### 8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

#### 9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

#### 10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

#### 11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;

- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады.

12. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

13. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

14. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

15. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

16. Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

- 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;
- 2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;
- 3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- 4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;
- 5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, кимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

19. Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

20. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

21. Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі:

физикалық дамыған;

ізденімпаз;

бастамашыл;

табанды;

бейімделуге қабілетті, көпшіл;

өзіне сенімді;

командада жұмыс істей біледі;

эмоционалды жауапты;

өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

3. Тыңдалды. Балабақшаның әдіскері Еспенбетова Мөлдір Үсен қызы сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілерге «Робототехника» технологиясы туралы баяндама оқыды.

Жарсыссөзге шыққандар:

Мауленова Алия, тәрбиеші: -Маған әдіскер Мөлдір Үсенқызының баяндамасы өте ұнады. Робототехника –Бұл баланың ұсақ-қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін арттыратын, сөйлеу қабілетін де дамытатын өте қажет технология. Біздің ересек топтың балалары да леголардан түрлі бейнелерді құрастыра біледі. Рахмет сізге алдағы уақытта осы технологияға байланысты түрлі іс-шаралар өтетін боламыз.

4 Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мөлдір сөз сөйледі. Ол өз сөзінде балабақша педагогтарының шығармашылық топ жұмыстарының тақырыбын айтып өтті. Басшының мөрімен бекітілетінін ескертті. Осы оқу жылы барысында қорғайысыздар деді.

### Шығармашылық топтың жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Жауаптылар
1	Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру жүйесі.	Менгеруші А.Жаштаева
2	Балалардың құзыреттілігін қалыптастыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану	Әдіскер М. Еспенбетова

3	Мектеп жасына дейінгі балалардың қиял процесін дамыту.	Психолог А. Бердібаева
4	Бала тілін мнемотехника арқылы дамыту	Тәрбиеші Ә. Мауленова
5	Ересек топ бүлдіршіндеріне робототехниканы үйрету.	Тәрбиеші Н. Өльзатова
6	Балабақшадағы жаңа технологияларды қолдану арқылы сөздік қорларын молайту	Тәрбиеші А.Баубекова
7	Балаларды жаңа технологияларды қолдану арқылы сурет салдыру.	Тәрбиеші Г. Молдабек
8	Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы молайту.	Тәрбиеші С.Құрбанова
9	Балаларды сөзді байланыстырып сөйлеуге үйрету	Тәрбиеші А. Адилова
10	Балаларға эстетикалық тәрбие беруде музыканың рөлі.	Ән-саз жетекшісі Сарбасова Қ

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын Серікқызы сөз сөйледі. Ол тәрбиешілерге «Мен -ғажаппын» атты психологиялық тренинг ұйымдастырды.

#### Сөйлегендер:

Баубекова Алмагүл, тәрбиеші- Құрметті әріптестер,бүгінгі педагогикалық кеңес өте маңызды өтіп жатыр . Әлі де болса Айша апай, Айтолқын апай сіздерден үйренеріміз өте көп . Тренингтің өзі адамды жігерлендіріп ,қанаттандырып отыр. Қандай керемет тренинг болды. Жұмысқа деген құлшынысым арта түсті.Рахмет,Айтолқын апай ,сізге.

6. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы балабақшадағы ішкі тәртіп туралы айтып өтті.

-Әрбір мекеменің өздерінің ішкі тәртіп ережелері мен бекітілген лауазымдық міндеттері болады.

-Бұл ережелер басшының қолы қойылып,мәрімен бекітіліп ,көрнекі жерге ілінді.Ішкі тәртіпті бұзған қызметтерге тәртіптік жазалар белгіленеді.Ол туралы Еңбек Кодексінің 63,64,65,66 – баптарында жазылған. Ал енді біздің балабқшаның ішкі тәртіп ережелері қандай?Тағ,ертең сағат 8-де жұмысқа кешікпей келу. 18,30-19,00-де жұмыстан қайту. Түскі үзіліске 1сағ. тынығу уақыты беріледі.Балабақша аумағынан рұқсатсыз шықпау. Жатын бөлмедегі балаларды рұқсатсыз тастап шығып етпеу. Жұмыс кезінде смартфон тел.ды қолданбау.Жұмыс уақытында тел.мен сөйлеспеу.Спирттік ішімдік ішіп келмеу, перспектива,циклограмма жоспарларын уақтылы жазу,көрнекіліксіз іс-әрекет өтуге болмайды. Балабақша мүлкін ұқыпты ұстау.,мүлік шығындарын өтеу.Міне осы айтылғандардың бәрі мекменің ішкі тәртіп ережелері болып табылады. Әбір тәртіп бұзғаны үшін қызметкерге 1 тәртіптік жаза беріледі. Мысалы,т аңертең кешігіп келсе-ескерту, арнайы киімді кимесе,сабақ жоспарын жазбай келсе –сө іс.рұқсатсызтопты тастап шығып кетсе – қатаң сөгіс беріледі деді меңгеруші. Ал ата-аналармен тәрбиеленушіге дөрекілік көрсетіліп,үстерінен ата-аналардан шағым түссе тәртібін қарап,жұмыстан босатуға жұмыс беруші құқылы екенін түсіндірді.

Адлова Айгерім, тәрбиеші:

- Армысыздар, әріптестер. Бүгінгі пед.кеңесте жауапты мәселелер қозғалып, айтылып жатыр. Расында, батыр атамыз Бауыржан Момыш ұлы айтқандай, тәртіпке бағынған адам-құл болмайды деген ғой. Әрбіріміз өз ісімізге жауапкершілікпен қарап басшымыздың айтқанын орындап отырсақ, жұмысымыз аса ауыр болмас еді. Қайта көңілді етіп өткізуге де болады. Сондықтан еңбек тің түбі – жақсылық. Сол үшін жалқау болмайық, ұжымымыз жақсы. бәрі бір кісідей ат салысады.

Шешім:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
2. №348 бұйрығы бойынша МДҰ дағы білім беру мемлекеттік стандарты педагогтарға таныстырылсын.
3. Әдіскер М.Еспенбетованың баяндамасына өте жақсы деген баға берілсін.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітілсін.
5. Психологиялық тренинг өткізген психолог А.Бердібаеваға жақсы деген баға берілсін.
6. Ішкі еңбек тәртібі ережелері педагогтар арасында қатаң сақталсын. Ережелер көрнекі жерге ілінсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы



А.С.Жаштаева

Хатшы



А.Мауленова

31.08.2022жыл

Педагогикалық кеңес

№2 Хаттама .

22.11.2022ж

Қатысқандар саны-9

Мақсаты: « Әрбір бала жұлдыздай, жарқырауға көмек бер».

Күн тәртібінде :

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші.
  2. Баяндама «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері»  
Баяндама. Әдіскер А.Мауленова.
  3. Бақылау және басшылық. «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану » Әдіскер А.Мауленова. «Айгөлек » ортаңғы тобы.
  4. Ашық іс-әрекеттерді талдау туралы. Меңгеруші А. Жаштаева .
  5. Психологиялық тренинг. Психолог А. Бердібаева .
1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.
- Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесі мен күн тәртібі бекітілді.
- Әдіскер М.Еспенбетованың баяндамасы хаттамаға тігілді.
- Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыс тақырыптары бекітілді. Психолог А. Бердібаеваның психотренингі хаттамаға тігілді. Қызметкерлерге ішкі еңбек тәртібі түсіндірілді. Тәрбиешілер заттық-кеңістік дамыту орталықтарын толықтырды.
2. Тыңдалды. Әдіскер М.Еспенбетова бала күтімі бойынша демалысқа шығуына байланысты оның орнына уақытша болған әдіскер А.Мауленова «Денсаулық технологиясы мен салауатты өмір салтының ережелері» атты баяндама оқыды.
- Сөйлегендер : Адилова Айгерім, тәрбиеші : - Маған әдіскер Алия ханымның жасаған баяндамасы ұнады. Салауатты өмір салтын ұстану-бүкіл халықтың алдындағы мақсат-міндеті. Біздер, тәрбиешілер де бала тәрбиелеу саласында жүргендіктен, салауатты өмір салтын үйретуіміз керек , - деді
3. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша апай 2022 жылдың 18-қазан күні Бақылау және басшылық бойынша «Айгөлек » ортаңғы тобында тақырыптық зерделеу жүргізді.

Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану».  
Мақсаты: Тәрбиеші таным саласы бойынша балаларға қызықты әрі маңыздылығы бар жаңа технологияларды дұрыс қолдана біледі ме

Тәрбиеші: Адилова Айгерім. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында. «Үй құрастырамыз» тақырыбын алып, балаларға түрлі құрастырғыш-леголардан геометриялық пішіндерді құрастыртып алып, содан кейін үйдің қабырғасын, шатырын, есік-терезесін құрастыруды үйретті. Балалар қызыға орындады. Келесі сәтте Воскобович технологиясы бойынша тақтайшалардағы шегелерге резеңкені керу арқылы да түрлі геометриялық пішіндерден үйдің қабырғасын, шатырын, есіктерін жасауға болатынын үйретті. Балалар бұл әдіске де қызығушылық танытты. Жалпы алғанда, тәрбиеші Адилова Айгерім балалармен жұмыс жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатты. Алайда, балалармен жұмыс барысында еңбекке, ұйымшылдыққа, отбасы құндылықтарына арналған көркем сөздер мен мақал-мәтелдерді де үйретуі қажет еді. Қазіргі стандартқа енгізілген ерекшелік-баланы жан-жақты дамыту, дағдыландыру. Қорыта келе, тәрбиешіге «жақсы» деген баға беріледі, - деді меңгеруші.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Айша Сапар қызы сөйледі. Ол өз сөзінде 2022 жылдың 1-қыркүйегінде «Балдырған» ересек тобында «30-тамыз-Конституция күні және 1-қыркүйек – Білім күні» атты ашық іс-әрекет болып өтті. Тәрбиешілер: АМауленова, Н.Альзатова. Балалар мерекелік киім киген, ата-заңымыз бен білім күніне арналған тақпақтарын айтты. Қыздар тобы «флешмоб» биін биледі. Балалар «Жау жаңбыр» әнін хормен орындады. Сондай-ақ «Әрқашан күн сөнбесін» әнін хормен айтты.

Жетістігі: Балалар хоры жақсы шықты.

Кемшілігі: Балалардың шығармашылық нөмірлері аз болды.

Ұсыныс:

Алдағы уақытта көрініс, рөлдік-желілік ойындарды қосу керек, - деді.

2022- жылдың 22 қазанда «Армысың, Алтын күз» атты балалардың қатысуымен ертеңгілік ұйымдастырылды. Тәрбиешілер-Мауленова Алия (Ересек тобы), Адилова Айгерім (Ортаңғы топ). Екі топтың да тәрбиешілері жақсы дайындалған. Күз мезгіліне арналған тақпақтарын бүлдіршіндер өте жақсы айтып шықты. «Жапырақтар» биін екі топтың да қыздары икемділікпен жақсы биледі. Ортаңғы топтың қыздар тобы «Сары жапырақтар» биін жақсы биледі. Ересек тобының бүлдіршіні Давуд Ғазиза «Қырманға кел, қалқатай» әнін өте жақсы орындады. Қорыта келе, мерекені жақсы деңгейде ұйымдастырған тәрбиешілерге «жақсы» деген баға беріледі, деді меңгеруші.

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын педагоготармен тренинг ұйымдастырды.

Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім».

Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану».  
Мақсаты: Тәрбиеші таным саласы бойынша балаларға қызықты әрі маңыздылығы бар жаңа технологияларды дұрыс қолдана біледі ме

Тәрбиеші : Адилова Айгерім. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында . «Үй құрастырамыз» тақырыбын алып ,балаларға түрлі құрастырғыш- леголардан геометриялық пішіндерді құрастыртып алып ,содан кейін үйдің қабырғасын,шатырын,есік-терезесін құрастыруды үйретті. Балалар қызыға орындады. Келесі сәтте Воскобович технологиясы бойынша тақтайшалардағы шегелерге резеңкені керу арқылы да түрлі геометриялық пішіндерден үйдің қабырғасын ,шатырын ,есіктерін жасауға болатынын үйретті. Балалар бұл әдіске де қызығушылық танытты. Жалпы алғанда ,тәрбиеші Адилова Айгерім балалармен жұмыс жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатты. Алайда,балалармен жұмыс барысында еңбекке,ұйымшылдыққа, отбасы құндылықтарына арналған көркем сөздер мен мақал-мәтелдерді де үйретуі қажет еді. Қазіргі стандартқа енгізілген ерекшелік-баланы жан-жақты дамыту,дағдыландыру . Қорыта келе,тәрбиешіге «жақсы » деген баға беріледі , -деді меңгеруші.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Айша Сапар қызы сөйледі.Ол өз сөзінде 2022 жылдың 1қыркүйегінде «Балдырған» ересек тобында «30-тамыз-Конституция күні және 1-қыркүйек – Білім күні « атты ашық іс-әрекет болып өтті. Тәрбиешілер: АМауленова,Н.Альзатова.-Балалар мерекелік киім киген,ата-заңымыз бен білім күніне арналған тақпақтарын айтты.Қыздар тобы «флешмоб » биін биледі.Балалар «Жау жаңбыр» әнін хормен орындады. Сондай –ақ «Әрқашан күн сөнбесін»әнін хормен айтты.

Жетістігі: Балалар хоры жақсы шықты.

Кемшілігі: Балалардың шығармашылық нөмірлері аз болды.

Ұсыныс:

Алдағы уақытта көрініс,рөлдік-желілік ойындарды қосу керек,- деді.

2022- жылдың 22 қазанда «Армысың,Алтын күз» атты балалардың қатысуымен ертеңгілік ұйымдастырылды. Тәрбиешілер-Мауленова Алия(Ересек тобы), Адилова Айгерім (Ортаңғы топ). Екі топтың да тәрбиешілері жақсы дайындалған. Күз мезгіліне арналған тақпақтарын бүлдіршіндер өте жақсы айтып шықты. «Жапырақтар» биін екі топтың да қыздары икемділікпен жақсы биледі.Ортаңғы топтың қыздар тобы« Сары жапырақтар» биін жақсы биледі.Ересек тобының бүлдіршіні Давуд Ғазиза «Қырманға кел,қалқатай » әнін өте жақсы орындады .Қорыта келе, мерекені жақсы деңгейде ұйымдастырған тәрбиешілерге «жақсы» деген баға беріледі,деді меңгеруші.

5.Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын педагоготармен тренинг ұйымдастырды.

Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім» .

Сөйлегендер:

Альзатова Нұрсұлу: - Айтолқын апайдың тренингі өзіме ұнады. Көңіл-күйім көтеріліп, жұмысыма деген құлшынысым артты. Көп рахмет.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Әдіскер А.Мауленованың баяндамасы хаттамаға тігілсін
3. «Бақылау және басшылық» бойынша тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша тәрбиеші А.Адиловаға жақсы деген баға берілсін.
- 4 «Балдырған» және «Айгөлек» топтарының тәрбиешілері М.Еспенбетоваға, А.Баубековаға, Н.Альзатоваға «Білім күні» ертеңгілігі мен күз мерекесіне ашық көрсетілім ұйымдастырғаны үшін «жақсы» деген баға берілсін.
5. Психолог А.Бердібаеваның ұйымдастырған психологиялық тренингіне «өте жақсы» деген баға берілсін және растайтын құжаттары хаттамаға тігілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Жаштаева

Хатшы



Г.Молдабек.

22.11.2022

16.01.2023 ж

МКҚК «Ақмарал»

Қатысқан педагогтар

Бөбекжай балабақшасы.

Саны: 10

Күн тәртібінде:

1. ҚР «Білім туралы» заңының 8-тарау, 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Меңгеруші А.С.Жаштаева.
2. Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы №01 хаты туралы. Әдіскер М.Еспенбетова.
3. Өзінөзі бағалау бойынша комиссия құрып, бекту туралы. Әдіскер М.Еспенбетова.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде: Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-тарау, 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы айтар болсам, біздің балабақша 2010 жылы ашылғалы бері 13 жыл ішінде екінші мәрте аттестаттаудан өткелі отырмыз. Бұл да бәрімізге үлкен сын. МДҰның мемлекеттік стандартын орындау-барлық педагогтардың басты міндеті болып саналады. Биылдан бастап 3 жылдық жұмысымыз аттестатталады. Сондықтан, балалардың мониторингтері, жеке даму карталары, 9 айлық оқу жоспарлары, жылдық жоспарымыз бен кеңес хаттамалары, іс-шаралар мен балабақша педагогтерінің жетістіктері, білім деңгейлері мен жыл сайынғы өз білімдерін жетілдіру бойынша күрстан өткендері және таға басқа құжаттарды сауатты түрде жинақтап, толықтырып балабақшаның веб-сайтына жүктеуіміз қажет деді.

Сөйлегендер:

Молдабек Гүлчехра, тәрбиеші: - Құрметті әріптестер, аттестацияға дайындық қарқынды жүріп жатыр. Бұл да болса біздің білгір, нағыз көшбасшы басшымыз Айша Сапарқызының бағыт-бағдар беруімен, басшылығымен деп білеміз. Сын сағаттан сүрінбей өтейік, әріптестер. Күнделікті циклограмма, перспективалық жоспарларды ноутбукпен жазып, ізденіп жұмыс жүргізіп жатырмыз. Кемшіліктерін әдіскеріміз Мөлдір ханым зерделеп тексеріп беріп жатыр. Барлық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырамыз.

2. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Еспенбетова Мөлдір Үсенқызы сөз алды. Ол өз сөзінде: Құрметті әріптестер, Айша Сапарқызы, әріптестерге маңызды хабарлама айтып кетсем деймін.

- 2023 жылдың 10 қаңтар күні Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту білім бөлімінің №01 хаты жолданды. Мұнда Түркістан облысының білім сласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы 28 қарашадағы №908 бұйрығына сәйкес 2023 жылы мемлекеттік аттестациядан өтетін білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілді. Сол тізбенің ішінде біздің «Ақмарал» балабақшасы да бар, мамыр айында өтеміз деді. Сондықтан, 2023 жылдың сәуір айында яғни бір ай бұрын өзін өзі бағалау қорытындысын жіберуіміз керек.

3. Тыңдалды Балабақша әдіскері М.Еспенбетова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде балабақша педагогтары арасынан өзін өзі бағалау бойынша комиссия түзу керек және мына педагогтарды ұсынамын деді.

1. Жаштаева А.

2. Еспенбетова М.

3. Молдабек Г.

4. Мауленова

5. Адилова А.

#### Шешім:

1. ҚР Білім туралы заңда көрсетілген мемлекеттік аттестация туралы баптары педагогтар арасында үнемі талқылансын.
2. Аттестацияға дайындық жүргізілсін.
3. Аттестация бойынша өзін өзі бағалау комиссиясы құрылып, бекітілсін.

Кеңес төрайымы:



А.С.Жаштаева

Хатшы :

А.Мауленова.

16.01.2023жыл.

Педагогикалық кеңес

№3-Хаттама

24.02.2023ж.

Қатысқандар саны: 9

Тақырыбы: «Дені саудың-тәні сау»

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші А.Жаштаева.
- 2.«Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы»Баяндама туралы. –Медбике Ш.Ибрагимова.
3. Бақылау және басшылық . «Тәрбиешілердің жаңа технологияларды қолдану деңгейі қандай?»Тақырыптық тексерудің қорытындысы туралы.Әдіскер А.Мауленова.
4. Педагогтардың білімі мен біліктілігін тестілеуден өткізудің тәртібі туралы. Меңгеруші А.Жаштаева.
- 5 Қаңтар- Ақпан айында ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талқылау туралы. Меңгеруші А.Жаштаева
6. «Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері» туралы баяндама. Психолог А.Бердібаева.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапаровна сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің жүзеге асырылғандығы туралы айтып өтті. «Бақылау және басшылық» бойынша «топтардың жаңа оқу жылына дайындық деңгейі» туралы шолу тексеруде анықталған кемшіліктер жойылды. ӘдіскерА.Мауленованың баяндамасы хаттамаға тігілді.

2. Тыңдалды. Балабақша мед.бикесі Ибрагимова Шолпан «Дені сау баланы қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы» атты баяндама оқыды.-Күнделікті баланың ақыл ойын арттыру үшін танымдық мағлұмат беріледі.Баланы тұлға ретінде қалыптастыруда оның дене дамуына көңіл аударуымыз керек. Бала ағзасының дұрыс дамуы үшін балабақшада сауықтыру мен профилактикалық міндеттер күнделікті күн тәртібінде жүйелі орындалуы тиіс. Денсаулықты жақсарту үшін баланы шыдамдылыққа,іскерлікке,психологиялық- физикалық үйлесімділікке бейімдеу қажет. Денсаулықты дұрыс қалыпта сақтау үшін қажетті негізгі мақсаттарға тоқталсақ: дені сау бала тәрбиелеу,дұрыс қарым -қатынас жасай білу. Денсаулыққа қажеттіліктер:салауатты өмір салтын қалыптастыру жайлы дұрыс мағлұматтар беру,материалдық- техникалық оқу базасын белгілеу,дене жаттығуларын жасау, спорттық бағдарламаларды көбейту,дұрыс тамақтану,іс-әрекетке белсенді түрде қатысу.

Сөйлегендер: А.Баубекова,тәрбиеші:- Мед.бике Шолпан апайдың баяндамасы кең ауқымда жасалған екен. Бала-біздің болашағымыз деп ұрандап айтамыз.Шын мәнінде жас шыбықтай - баланың буыны бекіп,зайырлы,сергек ,еңбекқор ,отан сүйгіш патриот етіп тәрбиелеу оңай жұмыс

емес. Сондықтан ,ата-ана,педагогтар және жалпы бүкіл қоғам болып тәрбиелеуіміз қажет деп ойлаймын.

3. Тыңдалды. Балабақша әдіскері Мауленова Алия сөз алды. Ол өз сөзінде 2022 жылы 12 желтоқсанда жылдық жоспарда белгіленген іс-шараны орындау мақсатында «Бақылау және басшылық» бойынша екі топта, ортаңғы және ересек тобында салыстырмалы бақылау болды. Тақырыбы: «Тәрбиешілердің жаңа технологияларды қолдану деңгейі қандай?». Бірінші болып

«Айгөлек» ортаңғы тобында зерделеу болды. Тәрбиеші-Адилова Айгерім. Тәрбиеші сурет салу бойынша «Домбыра» сурет салу дағдысын ұйымдастырған. Балалар алдын ала қағаздан қиылған домбыра сұлбасын мақтаға орлған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтерді аяқтап мысалы домбыраның құлағы, тиегі) безендіруді үйретті. Бұл жерде Гештальт бойынша арт-терапияны қолдана білген. Және серуендеу кезеңінде танымдық дағдылар: қоршаған ортамен танысу іс-әрекетін ұйымдастырды. Педагог артына :шаналар, ұлпа қарлар, күн, қолғап, шаңғы, коньки картиналарды үйінді қардың артында тұрып бір бөлігін ғана көрсетіп, қалғанын жасырып тұрады. Балалар неге ұқсайтынын болжап айтады. Бұл да баланың қиялы мен байқағыш қабілеттерін дамытуға арналған тиімді әдістердің бірі.

Екінші болып «Балдырған» ересек тобын талдады. Тәрбиеші –Альзатова Нұрсұлу. Тәрбиеші жаратылыстану іс-әрекетін ұйымдастырды. Қар мен мұзды бақылау барысында тәжірибе жасуды қолданды. Сондай ақ, «қолғап» ертегісін қолғаптарды киіп ертегіні сахналады. Құрастыру іс-әрекетінде Деньеш блогтары бойынша тік төртбұрыш пішіндерден телефон, ноутбук, кірпіш құрастыруға болатынын балаларға үйретті. Бұл жерде тәрбиеші көбірек ізденсе, қуыршақ театры мен көлеңке театрын қолданып өтуге де болатын еді. Жалпы алғанда, ортаңғы топ тәрбиешісі Адилова Айгерім жаңа технологияларды тиімді пайдаланғанын байқауға болады. Қорыта келе, Адилова Айгерімге «жақсы», Альзатова Нұрсұлуға «орта деңгей» деген баға беріледі, - деді әдіскер. Және алдағы уақытта жаңа технологияларды оқып, ізденіп іс-әрекет барысында көбірек қолданып өтіңіздер, - деп қорытындылады.

Сөйлегендер:

Альзатова Нұрсұлу, тәрбиеші: - Құрметті әріптестер, біздерге әлі де болса үйренетініміз көп екен. Алдағы уақытта жан-жақты ізденіп, балаларға үйретуге ат салысамын.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаев Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде: -Жыл сайын педагог-тәрбиешілердің кәсіби дамуының табыстылығын зерделеу нәтижесінде аудандық немесе облыстық деңгейде ашық сабақтарын, сайыстағы жетістіктерін, оқу- тәрбие үдерісіндегі жеткен жетістіктерін дәлелдеу мақсатында модератор-педагог, зерттеуші, сарапшы –педагог санаттарын алу үшін тест орталығына барып, тестілеуден өтуі міндетті. Сондықтан, жыл сайын педагогикалық кеңестерде осы мәселені талқылап, санат бойынша бағыт-бағдар берілетіндігі жайлы айтты. Ал бұл жылы педагогикалық өтілі 5 жылдан кем емес, оқу тәрбие жұмысында жетістіктері бар тәрбиешілер: Молдабек Гүлчехра, Мауленова Алия тестілеуге модератор санатын алу үшін қатысады..

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2023 жылдың 21 қаңтар күні «Балдырған» ересек тобында «Дені саудың-тәні сау» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекет болды. Тәрбиеші: Мауленова Алия. Тәрбиеші топ бөлмесін тақырыпқа сай безендірген. Балалар ақ түсті спорттық киім киген. Тәрбиешінің қолында тапсырманы бастауға арналған ысқырығы бар. Алдымен ширату, жалпы –дамыту жаттығуларын

біркелкі, ырғақты әуенмен орындады. Тәрбиеші балаларды «Сұңқарлар» және «Қырандар» деп екі командаға бөліп сайысты бастады. Сайыс 5 шарттан тұрды: 1. Топтың ұраны және сәлемдесу рәсімі. 2. Доппен ойын (екі бала кеуделеріне допты екі жақтан қысып тұрып мәреде тұрған себетке допқа қол тигізбестен салу керек). Екі топ бірдей ұпай алды. 3. Кеглилер арасынан өту. Екі топ та тапсырманы дұрыс орындады. 4. «Қармен» ойын. алдын ала ақ қағазды умаждап қар етіп дайындаған. бала жүгіріп келіп бір қарды алып себетке (1 метрден) дәлдеп лақтыру керек. Бұл сайыста «Сұңқарлар» командасы оза шапты. 5. сайыс- «Ұқсас пішіндерді орналастыру». Бұл сайыста «Қырандар» командасы артық ұпай жинады. Қорыта келе, «Сұңқарлар» командасы 3-2 ұпаймен жеңіске жетті. Меңгеруші Айша апай сайысқа қатысқан балаларды алғыс хатпен марапаттады. Сайыс стандартқа, яғни жас ерекшеліктеріне сәйкес жақсы ұйымдастырылған. Тәрбиеші Мауленова Алияға «өте жақсы» деген баға беріледі, - деді меңгеруші.

2023 жылдың ақпан айының 16-күні «Балапан» кіші тобында «Үй жануарларының қысқы тіршілігі» атты жаратылыстану мен көркем әдебиет, сурет салу дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеті болып өтті. Тәрбиеші-Молдабек Гүлчехра. Тәрбиеші «Қошақаным» әнімен балаларды топқа ән айтып алып келді. Балалар ән орындады. Жартылай шеңбер етіп отырғызып, картинамен жұмыс жүргізді. Үй жануарларына нелер жататынын түсіндірді. Келесі сәтте, «төлдерін тап» атты үстел үсті ойынын өтті. Балалар жақсы ажыратты. Тәрбиеші аудиотаспа қолданып, «Бұл ненің даусы?» деген дидактикалық ойын ойнатты. Қошақаным, ботақан, бұзауқан, секеңдеген лағым деген тақпақтарды балалар жақсы жаттаған. Сурет салу дағдысы бойынша қар үстінде тұрған жануарлардың бейнесін жасатты. Балаларға өте қатты ұнады. Тәрбиеші балалармен еркін жұмыс істей алады. Баурап алады, дауысы жағымды, әсерлі. Бірақ, «Қыста жаурайды, тоңады. ол үшін далаға жайылымға шығармаймыз, жылы қорада ұстаймыз. жем-шөп береміз, жылы су береміз деп қосымша мағлұматтармен, видео арқылы көрсеткенде тіпті жан-жақты мағлұмат беріліп, қызықты болар еді. Қорыта келе, тәрбиеші Г.Молдабекке «жақсы» деген баға беріледі.

2023 жылдың 17-ақпан күні «Айгөлек» ортаңғы тобында «Орман жануарларының қысқы тынысы» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекет болып өтті. Дағдылар: Көркем әдебиет, жаратылыстану, сурет салу, мүсіндеу. Тәрбиеші: Адилова Айгерім. Тәрбиеші балаларды жартылай шеңбер етіп отырғызып, ой-қозғаушы әдісін қолданып, аудио-үн таспа арқылы орман жануарларының даусын естіртті. Біз орманға келдік деп, көз жаттығуын жасатты. Алдымен жануарлар туралы жаттаған тақпақтарымызды айтайықшы деді. Балалар өте жақсы жаттаған. Келесі сәтте диапроектор арқылы видеофильм көрсетті. Балалар қысқы орманды көріп отырып, онда тиіндер, қояндар мен қызыл-сары түлкілерді, бәрін дұрыс ажыратып отырды. «Не қалай қимылдайды?», «Бұл ненің даусы?» атты ойындар ұйымдастырды. Балалар дұрыс тауып отырды. келесі сәтте балаларды екі топқа бөліп, бірінші топ қасқыр, түлкі, аю, қоянды мүсіндеді. Екінші топ сол жануарлардың қар үстіндегі ойыншық-макеттерге ұнды себу арқылы суретін бейнеледі. Соңында, тәрбиеші көлеңке театрын қолдана отырып, «түлкі мен қасқыр» ертегісін балаларға тамашалатып көрсетті. Қорыта келе, тәрбиеші А.Адиловаға «өте жақсы» деген баға беріледі деді.

Сөйлегендер: Мауленова Алия, әдіскер: - Құрметті әріптестер, бүгінгі кеңесте өте ауқымды мәселелер қаралып жатыр. Әсіресе, жылдық жоспарда белгіленген міндеттер бойынша, яғни таным және денсаулық дағдыларын 9 ай оқу жылы барысында тереңдетіп балаларға білім, білік дағдыларын үйретіп келеміз. Жалпы, біздің балабақшаның ғимараты қарапайым болғанмен, балалармен тәлім-тәрбиелік жұмыстар мем. стандарт бойынша өтіліп жатқанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Меңгеруші Айша апайымыздың көпжылғы еңбек тәжірибесінің өзі - үлкен

мектеп. Оған дәлел, биылғы оқу жылына өзгерістер енгізілген стандарт бойынша іс-әрекеттерді сауатты етіп талдау- кез- келген басшының қолынан келе бермейді. Мен көптеген қалада, біраз бақшаларда жұмыс жасаған педагогпын. Екі іс- әрекетті және бақылау және басшылық бойынша да екі іс-әрекетті стандартпен талдағаны- апайдың осы саланың нағыз маманы екендігінің дәлелі . Рақмет апай, сізден үйренеріміз өте көп.

5. Тыңдалды. Балабақша психологі Бердібаева Айтолқын сөз сөйледі. Ол «Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері» туралы баяндама оқыды.

#### Сөйлегендер:

Еспенбетова Мөлдір, тәрбиеші: Маған психологтың жасаған баяндамасы ұнады. Үш жас дағдарысы туралы жан-жақты дәлелді дәйектемелер келтіріп, баяндама жасаған.

Адилова Айгерім, тәрбиеші: маған да психологтың баяндамасы өте қатты ұнады . Нағыз менің тобымдағы 3,4 жас балаларға арналған екен , рахмет айтамын.

#### Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. Медбике Ш.Ибрагимованың жасаған баяндамасы хаттамаға тігілсін.

3. 1) Бақылау және басшылық бойынша іс-әрекет ұйымдастырған тәрбиеші Альзатова Нұрсұлуға «орта деңгей» деген баға берілсін.

2) Бақылау және басшылық бойынша іс-әрекет ұйымдастырған тәрбиеші Адилова Айгерімге «жақсы» деген баға берілсін.

4. Тәрбиешілер Мауленова Алия Алпысқызына және Молдабек Гүлчехра Ақынқызына модератор санатына баруға дайындық жұмыстары жүргізілсін. Өтініштері мен партфолио құжаттарының көшірмесі әдіскерге тапсырылсын.

5. 1) Жылдық жоспарға сәйкес спорттық сайыс ұйымдастырған тәрбиеші А.Мауленоваға «өте жақсы » деген баға берілісін.

2) Ашық іс-әрекет ұйымдастырған тәрбиеші Г.Молдабекке «жақсы » деген баға берілісін

3) Ашық іс-әрекет ұйымдастырған тәрбиеші А.Адиловаға «өте жақсы » деген баға берілсін.

4) Салыстырмалы бақылау қорытындысы бойынша ересек тобының тәрбиешісі Н.Альзатоваға «орта » деген баға берілсін.

6. Психолог А.Бердібаеваның баяндамасына «жақсы » деген баға берілсін. Баяндама хаттамаға тігілсін.

Кеңес төрайымы, балабақша меңгерушісі



Хатшы



24.02.2023

А.Жаштаева

Г.Молдабек.

Педагогикалық кеңес

№4-Хаттама

29.03.2023ж.

Қатысқандар саны: 9

Тақырыбы : «Жаңартылған мазмұнда жұмыс атқару-заман талабы»

Күн тәртібінде :

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші А.Жаштаева
2. «Воскобович технологиясының логикалық процеске әсері».Баяндама. Әдіскер А.Мауленова.
3. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талқылау туралы..Меңгеруші А.Жаштаева
- 4.Психологиялық тренинг туралы. Психолог А.Бердібаева.

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі А.Жаштаева сөз сөйледі. Психолог А.Бердібаеваның баяндамасы хаттамаға тіркелді. Мед.бике Ибрагимова Шолпанның баяндамасы хаттамаға тіркелді.

2.Тыңдалды. Балабақша әдіскері А.Мауленова сөз сөйледі . Ол «Воскобович технологиясының логикалық процеске әсері » атты баяндама оқыды.

Сөйлегендер :

Адилова Айгерім, тәрбиеші- Баяндама жақсы жазылған . Расында, бүдіршіндерді логикалық ойлау қабілетін арттыруға арналған ойындармен жастайынан дағдыландыру керек екен, саналарына қабылдаса, ол балалар болашақта білікті, есепке жүйрік, терең ойланып, бір нақты шешім қабылдай білетін болып қалыптасатыны сөзсіз. Рахмет баяндаманызға, Алия апай.

3. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Жаштаева Айша Сапарқызы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерді талқылайтынын айтты.

2023 жылы 17 ақпанда «Балапан»кіші тобында «Үй жануарларының қысқы тіршілігі » атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекет болып өтті. Дағдылар: Жаратылыстану, көркем әдебиет, сурет салу. Тәрбиеші Г.Молдабек. Тәрбиеші іс-әрекетті «қошақаным» әнінен бастап, балаларға ән айтқызып, би билетті. Тақтада ілулі тұрған үй жануарларының суреттеріне назарларын аудартты, әңгімелеп берді. Балалардан не қайда өмір сүреді деп сұрады, балалар жауап берді. Келесі сәтте үстел үсті ойынын өткізді. Телефоннан үй жануарларының дауысын естіртті. Сондай-ақ, балаларды шағын орталық аймағына алып барып, жануарлардың суретін құлақтазалағашты бояуға батырып салу арқылы сурет салғызды. Балаларға сурет салған ұнады. Кемшілігі: ойын түрлерін көбірек қосу керек еді. \*

Жетістігі: аудио үн-таспадан үй жануарларының дауыстарын естірткені балаларға ұнады.

Қорыта келе, тәрбиеші Г.Молдабекке жақсы деген баға беріледі деді.

2023 жылдың 16 ақпанда «Айгөлек» ортаңғы тобында «Қысқы орман тынысы» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекет болып өтті. Тәрбиеші: Адилова Айгерім. Дағдылар: Жаратылыстану, көркем әдебиет, сурет салу.

Тәрбиеші балалармен сәлемдесіп, көзге жаттығу жасату арқылы «көзімізді жұмып, 3 ке дейін санасақ – қысқы орманға кеп қаламыз» деп қызықтырды. Балалар орындады. Түрлі-түсті суреттерден орман жануарларының суреттерін көрсетті. Бұл не? жуас аң ба, жыртқыш аң ба? деген сұрақтар қою арқылы балаларға ой-түрткі әдісін қолданды. Орман жануарлары туралы алдын ала жаттаған тақпақтарын сұрады. Балалар тақпақтарын жақсы айтты. Келесі сәтте, диапроектр арқылы аңдардың қар үстіндегі қимылдары мен қоректенетін сәтін тамашалатты. «Не қалай дыбыстайды?» атты ойын ойнатты. Балаларды шығармашылық аймаққа алып барып, аң үстіне ұнтақ сеуіп, саусақтарымен бейнені өз қиялдарымен бейнелеп, аяқтап шықты. Өте әсерлі болды.

Келесі кезекте тәрбиеші көлеңке театры арқылы аңдарды: қоян, аю, тиін секілді аңдардың көлеңкесін көрсету арқылы балаларды сергітіп алды. Балаларға тапқан аңдары туралы тақпақ айтқызып, рефлексия жасатты.

Кемшілгі: Балалар өте қатты шулап, бір-біріне кедергі жасады.

Жетісітігі: АКТ қолданды.

Қорыта келе, тәрбиеші А.Адиловаға жақсы деген баға беріледі деді

4. Тыңдалды. Балабақша психологі А.Бердібаева педагогтарға арнап, «Мен ғажаппын» психологиялық тренинг өткізді. Әрбір тәрбиеші 5-6 сөзден тұратын тренинг өткізді. Мысалы, тау, ағаш, үй, жол, сақина, -осы сөздерден тұратын сурет салу керек. Соңында, психолог тәрбиешілердің жұмыс-дәптерлерін жинап, келесі күні талдау жүргізетінін

#### Сөйлегендер:

Құрбанова Сауле, тәрбиеші, -Бүгінгі тренинг маған өте ұнады. Нәтижесінде сурет салудың техникасын, жалпы түрлі әдістерімен таныстық. Рахмет.

#### Ұсыныс:

-Балаларға 5 түйсігін дамытуға арналған іс-әрекеттерді көбірек өтініз деді меңгеруші.

Психолог А.Бердібаева-Рахмет апай, сыннан нәтиже шығаруға, көбірек ізденіп іс-әрекет өтуге тырысамын.

#### Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Әдіскер А.Мауленованың баяндамасы хаттамаға тіркелсін.

4. Психолог А. Бердібаеваның тренингі хаттамаға тігілсін.

5. Әдіскер М. Еспенбетоваға «Іскер ойын»-ды жоғары дәрежеде өткізгені үшін 5(өте жақсы) деген баға берілсін.

6 . А) Ашық ҰОҚ өткізген тәрбиеші С. Құрбановаға 4(жақсы) деген баға берілсін.

Б) «Айгөлек» ортаңғы топта ашық іс –әрекет өткізген психолог А. Бердібаеваға 4 «жақсы» деген баға берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы



А. Жаштаева.

Хатшы



Г. Молдабек.

29.03.2023 жыл.